

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен
№ 1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында
оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларына қабылдау ережелері**

Арқалық, 2024

1. Осы Ереже техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы немесе орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы немесе жоғары білім беру бағдарламасы базасында институтқа жоғары білімнің қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға үміткер талапкердің академиялық кредиттер санын, жоғары білімнің білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – ББ) қажетті көлемін және оқу мерзімдерін айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) оқу нәтижелері – білім алушының ББ меңгеру бойынша алған, көрсететін білім, білік, дағдыларының бағасымен расталған көлемі;

2) оқу нәтижелерін тану – білім алу тәжірибесенің нәтижелерін, құзыреттер мен білім жиынтығын формальдау процесі;

3) формальды білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысанын ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде формальды, тіркелген ұйымдар жүзеге асыратын, мемлекеттік/өзіндік үлгідегі бланкіні – оқыту нәтижелерін растайтын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы дипломды берумен аяқталатын білім беру түрі;

4) ересектерге формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімі және нысаны ескерілмей білім беру қызметтерін көрсететін білім беру ұйымдары жүзеге асыратын және оқу нәтижелерін растайтын құжат (сертификат/куәлік) берілетін білім беру түрі.

3. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушының барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ББ базасында «кіруде» жоғары білім ББ бейіні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ББ сәйкес келген жағдайда формальды білім берудің алдыңғы деңгейін Оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады және оқу мерзімі қысқартылады.

Бейініне сәйкес келмеген жағдайда, оқыту жоғары білімнің толық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

5. Жоғары білім беру ББ базасында «кіруде» алдыңғы жоғары білім ББ оқу нәтижелері Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында оқу пәндері мен практикаларды тану тәртібі туралы ережелеріне сәйкес танылады және оқу мерзімі қысқартылады.

6. Оқыту нәтижелері сәйкес болған жағдайда пререквизиттер ретінде алдыңғы формальды білім деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білімнің оқыту нәтижелері танылады.

7. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беру ББ базасында оқуға үміткер академиялық кредиттер санын, жоғары білімнің ББ қажетті көлемін және оқу мерзімдерін айқындау үшін институттың академиялық бағдарламалар, әдістемелік және ғылыми жұмыстар офисіне формальды және формальды емес білім берудің оқу нәтижелерін растайтын барлық құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

8. Офис мамандары осы Ереженің 5 және 7-тармақтарына сәйкес институттың ББ оқу жоспарына және формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін растайтын құжаттардың қосымшаларын салыстыру жүргізеді.

9. Салыстыру нәтижелері бойынша институттың ББ бойынша игеру үшін академиялық кредиттер саны анықталады.

10. Институттың білім беру бағдарламасын меңгеру үшін берілген академиялық кредиттер санына қарай оқу мерзімі 2 жыл, 3 жыл болып белгіленеді (академиялық айырмашылықтар жазғы және қысқы семестрде игеріледі).

11. Жазғы семестрде немесе толық емес оқу жылында меңгерілетін академиялық кредиттерге ақы төлеу Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген институттың жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысының мөлшеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Танысу парағы

[illegible]